ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 04 сәуір іс №7119-25-00-2/2617 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Бақытбекұлы» атымен әрекет етуші Бақытбекұлы Әли

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер Жеке кәсіпкер «Бақытбекұлы» атымен әрекет етуші Әли Бақытбекұлына қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Жеке кәсіпкер «Бақытбекұлы» атымен әрекет етуші Әли Бақытбекұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№ 3 КӨПБЕЙІНДІ ҚАЛАЛЫҚ
БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ
Кіріс № 01-13-545
«27» 05 2025 ж.
Астана қаласы, Тұрар Рысқұлов көшесі, 12

Жауапкер Жеке кәсіпкер «Бақытбекұлы» атымен әрекет етуші Әли Бақытбекұлынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 04.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.05.2025, судья Жетибаев Ж. К., 27.05.2025

7119-25-3-1/2316